-сіздің диагнозыңыз?

- косымша зерттеу жоспары

-емдеу тактикасы?

Науқас 32 жаста , сол жақ сүт безінен ісікті өзі анықтады . Тұрақты мекен жаймен тексерілуде сүт бездерінде 1,5 см ісік анықталынды . цитологиялық қорытындысы бойынша өзекішілік рак диагнозы қойылды . Зерттеуде метастаз анықталмады.

Сұрақ:

Сіздің толық диагнозыңыз

ауру дәрежесін анықтанаңыз?

| | |
|---|--|
| ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Хирургия, онкология және травматология кафедрасы | 71/11 |
| ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бақылау өлшеу құралдары | 23 беттің 14 беті |

Науқас К 60 жаста. Анамнезінде бейспецификалық жаралы колит. Шағымдары әлсіздік, жүрек айну, арасында құсу, ішіндегі ауырлық сезіміне, құрылға, іш қатуына шағымданады. Обективті; тері жамылғысы бозғылт, іші ісінген, ішінің сол жақ жартысы ауырсынады, ісіктік түзілістер анықталмайды. Иригоскопияда тоқ ішектің төмендеуші бөлігінің толуынан өтімділігі төмендеген. Фиброколоноскопияда жуан ішектің төмендеуші бөлігінде эндофитті өсіп келе жатқан ісік есебінен тарылған. Пальпация кезінде қанталайды. Гистологияда аденокарцинома. Құрсақ қуысының УДЗ да бауырдың оң жақ бөлігінде дм 2 см болатын контуры анық емес ошақ анықталады.

Диагноз, TNM бойынша

Емдеу тактикасы

Қосымша зерттеулер тізімі

Науқас П, 56 ж . келесі шағымдармен келді мойын аймағында ісіну , тез шаршағыштық, әлсіздік, ыстығы көтерілу, түнгі тершеңдік. Бір жарым жылдан бері ауырады, ем қабылдамаған, соңғы кездері тері қышынды мазалайда. Обективті қарағанда: t 37.5 жалпы жағдайы қанағаттанарлық , есі анық, тері жамылғылары және шырышты қабаты бозғылт, тері асты шел май қабаты жеткілікті дамымаған. Жақ асты , мойын, қолтық асты , шап аймағы лимфа түйіндері үлғайған пальпацияланады. Олар бір - бірімен және айналасындағы тіндермен жабыспаған. Тынысы везикульярлы , өкпеде өкпелік перкуторлы тыныс. Жүректің сол жақ түйік салыстырмалы шекарасы 0,4 см ге бүғана орта сызығынан шығыңқы. Жүрек тондары түйіктаған , ритм ырғақты , пульс 75 рет мин , ырғақты , толымдылығы мен күші қанағаттанарлық. АҚҚ 135/80 мм сын бағ. Тілі таза ылғалды , іші жұмсақ ауырсынусыз . Бауыры қабырға доғасынан 4 см шығыңқы. Көк бауыр қабырға доғасында пальпацияланады.

Болжам диагнозды құрастырып дәлелденіз.

Қажетті қосымша зерттеулерді анықтаңыз.

Мүмкін болатын аскынулар.

Осы науқасқа сіздің тактикасы , емі болжамы , профилактикасы

Науқаста сүт безі ісігіне байланысты радикалды маст эктомия жасалған. Операциядан кейінгі кезеңде 6 курс химия жүргізді. Науқас операция алдында химия терапия курсын ауыр өткергеніне байланысты мазасызданады. Шашы түскен. Химия терапия кезінде әлсіздікке, жүрегі айну , құсуға шағымданады. Қан анализінде лейкоцит $3 \times 10^9/\text{л}$ дейін. Сұхбатында химиятерапия алу керектігіне күмәнданады.

- Науқасқа және оның жақындарына құтімі жайлы, диетасы, реабилитациясы жайлы қысқаша түсіндірініз

Науқасты ары қарай бақылау және жүргізу тактикасы

| | |
|---|--|
| ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Хирургия, онкология және травматология кафедрасы | 71/11 |
| ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бақылау өлшеу құралдары | 23 беттің 15 беті |

Науқас 60 жаста. Анемнезінде созылмалы колит. Шағымдары әлсіздік, іштің оң жақ жартысында ісік тәрізді түзілім. Объективті тері жамылғысы бозғылт, іші жұмсақ көлемі 7 см болатын пальпацияланатын ісіктік түзілім, іштің оң жақ жартысында ауырсыну.

Иригоскопияда жуан ішектің оң жақ бөлігінде өтімділігі тарылған.

Фиброколоноскопияда жуан ішектің жуан ішектің жоғарылаушы бөлігінде өтімділігі экзофитті түзілім әсерінен тарылған (дм 6 см) Пальпацияда тез қанағыш. Гистологияда adenokарцинома

1. Диагноз

2. Қосымша зерттеу тәсілдері

3. Емдеу тактикасы

Науқас Ш 50 жаста. Шағымы оң жақ сүт безінің қатаюы. Анамнезінде қант диабеті, семіздік. Етеккір 11 жастан бастап. Пременопауза. Объективті; оң жақ сүт безінің жоғарғы сыртқы квадратында дм 2 см дейінгі қозғалмалы, ауырмайтын қатаю пальпацияланады. Сол қолтық асты аймағында дм 1,5 см дейін қозғалмалы, лимфа түйіні пальпацияланады. Маммографияда оң жақ сүт безінің жоғарғы сыртқы квадратында тегіс емес контурлы 2,5 см дейін көлеңке анықталады. Цитологияда папиллярлы карцинома

1. Диагноз TNM бойынша

2. Қосымша зерттеу тәсілдері

3. Емдеу тактикасы

Науқас П 62 жаста. Анамнезінде жанұялық диффузды полипоз. Шағымдары іштің оң жақ бөлігінде ауырсыну, әлсіздік, іштің оң жақ бөлігінде ісік тәрізді түзіліс. Объективті; тері жабындысы бозғылт, іші жұмсақ, ауырсыну, көлемі 8 см дейін пальпацияланатын ісіктік түзілім. Иштің оң жақ жартысында ауырсыну. Иригоскопияда жуан ішектің оң жақ бөлігінің өтімділігі тарылған.

Диагноз

Косымша зерттеу тәсілдері

Емдеу тактикасы

Науқас С 51 жаста, хирург дәрігеріне 2 ай көлемінде қатты тағамның өңештен өтуінің қызындауы, төс аймағында ауырсыну, қыжыл және жүрегінің айнуына шағымданып келді. Соңғы бір ай көлемінде дене салмағының 8 кг арықтауы, әлсіздік, шаршағыштық байқалған. Объективті: терісі сұр түстес, тері тургоры төмендеген, бұғана астының лимфа түйідерінің ұлғаюы, тығыз эластикалық консистенциясы анықталды. Лабораторлы анализде ЭТЖ 56 ге дейін жоғарылаған.

Сұрап

1. Сіздің болжам диагнозыңыз

2. Қосымша зерттеу әдістері

3. Бұл патологиядағы оптимальды ем шаралары

4. Дифференциалды диагноз

5. Болжамы

| | |
|---|--|
| ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Хирургия, онкология және травматология кафедрасы | 71/11 |
| ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бақылау өлшеу құралдары | 23 беттің 16 беті |

Поликлиникаға 3 жыл көлемінде пайда болған бұғана асты аймағындағы ісік тәрізді түзілістің пайда болуына шағымданып келді. Соңғы кездері түзілістің көлемінің ұлғауы, түзіліс аймағында ауырсыну пайда болған. Қарап тексеруде: оң жақ бұғана асты аймағында көлемі 5*6 см, тығыз эластикалық консистенциялық, қозғалмалы, теріге жабыспаған, ауырсынбайтын ісік тәрізді түзіліс. Бұғана асты және мойын лимфа түйіндері ұлғаймаған. Дене қызыу 36,7°C, Hb-126 г/л, L-8.0

Сұрақ

Сіздің диагнозыңыз

Көсімша зерттеу әдістері қажет пе?

Бұл патологияны қандай аурулармен диф.диагноз жүргізу қажет?

Бұл патологияда кіші Савицкий белгілері байқалады ма?

Емдеу тәселеі

Стационар бөлімшесіне 70 жастағы К есімді науқас іш қату, әлсіздік, соңғы 3 айда 8 кг салмақ жоғалтуға шағымданып келді. Қарап тексергенде: терісі сұр түстес, тілі ылғалды, іш аймағы шамалы ісінген, жұмсақ, сол мықын аймағында ауырсыну белгілері бар.

Пальпацияда мықын аймағында 7*6 см көлемді, тығыз консистенциялық, ауырсынатын, бұйырмалы, аз қозғалмалы ісік тәрізді түзіліс анықталды. Перитональды белгілер жоқ. Саусақты ректалды зерттеу кезінде тік ішек қабырғасы ауырсынады, қолғапта қан араласқан нәжіс. НВ-90 г/л, эритроцит-2,6.

Сұрақ

1. Сіздің болжам диагнозыңыз

2. Қандай диагностикалық зерттеу әдістері қажет

3. Диагнозды қалай тексеруге болады?

4. Аурудың асқынулары?

5. Емі

Науқас К 74 жаста. Дене салмағының төмендеуі, тәбетінің төмендеуі және жұтынудың қыындауына шағымданады. 3 айда 8 кг салмақ жоғалтқан. Объективті: перифериялық лимфа түйіндері ұлғаймаған, перкуссияда кеуде қуысында анық өкпелік дыбыс, аускультацияда тыныс бүкіл аймақта естіледі. Іші жұмсақ, пальпацияда эпигастрый аймағында аздаған ауырсыну. Рентген: кардия бөлігіне өтетін асқазанның жоғарғы ұштен бір бөлігі қуысының тарылуы. ФЭГДС: асқазан шырышты қабатының жоғарғы ұштен бір бөлігі инфильтрацияланған, пальпацияда қан ағады, кардия саңылауының тарылуы, инфильтрацияның өңеш аймағына жайылуы байқалады. Гистологиялық қорытынды: төмен дифференциялы аденокарцинома. Іш аймағының УДЗ: бауырда ошақты түзілістер жоқ, іш аймағындағы лимфа түйіндер анықталмайды.

Сұрақ

1. Сіздің диагнозыңыз

2. TNM бойынша класификациясы

3. Емдік тактика

| | |
|---|--|
| ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Хирургия, онкология және травматология кафедрасы | 71/11 |
| ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бақылау өлшеу құралдары | 23 беттің 17 беті |

Науқас К 65 жаста. 40 жыл көлемінде темекі тартады. Әкесі өңеш ісігінен қаза тапқан. Қатты тағамды жұтудің қындауына шағымданады. Соңғы 3 айда б қг салмақ жоғалтқан. Объективті: перифериялық лимфа түйіндері ұлғаймаған, везикулалы тыныс, перкуторлы дыбыс түйіқталмаған, іші жұмсақ, ауырсынбайды. Кеуде қуысының рентген көрінісі: өкпеде патологияда жоқ, өңештің үштен бір бөлігінде артқы қабырға бойынша 5 см толу дефектісі нәтіжесінде дамыған тарылу, өңеш контурының деформациясы байқалады. Эзофагоскопия: артқы қабырғаның ортаңғы үштен бір бөлігінің 30 см аймағында өңеш саңылауын 0,9 см ге дейін тарылтатын экзофитті түзіліс анықталады. Биопсия. Гистологиялық зерттеу: жалпақ жасушалы ісік. Іш аймағының УДЗ: патология анықталмады

Сұрап

1. Сіздің диагнозыңыз
2. TNM бойынша класификациясы
3. Емдік тактика

Науқас Б 60 жаста. Анамнезінде созылмалы эзофагит. Әкесі өңеш ісігінен қаза тапқан. Қатты тағамды жұтудың қындауына шағымданады. Соңғы 4 айда б қг салмақ жоғалтқан. Объективті: перифериялық лимфа түйіндері ұлғаймаған, везикулалы тыныс, перкуторлы дыбыс түйіқталмаған, іші жұмсақ, ауырсынбайды. Кеуде қуысының рентген көрінісі: өкпеде патологияда жоқ, өңештің үштен бір бөлігінде артқы қабырға бойынша 5 см толу дефектісі нәтіжесінде дамыған тарылу, өңеш контурының деформациясы байқалады. Эзофагоскопия: артқы қабырғаның ортаңғы үштен бір бөлігінің 30 см аймағында өңеш саңылауын 0,9 см ге дейін тарылтатын экзофитті түзіліс анықталады. Биопсия.

Гистологиялық зерттеу: жалпақ жасушалы ісік. Іш аймағының УДЗ: бауырда айқын емес контурлұ диаметрі 1,5 нан м см ге дейін баратын 2 дөңгелек тәрізді түзіліс. Пункцияда жалпақ жасушалы ісік. Қаңқа сүйектерін сканерлеу патологиясыз.

Сұрап

1. Сіздің диагнозыңыз
2. TNM бойынша класификациясы

Емтиханға арналған машиқтану дағдылары бойынша чек парапашалары **Перифериялық лимфа түйіндерінің пальпациясы тәсілі**

| № | Қадамдарды бағалау критерийлері | Ұпаймен бағалау | | |
|----------|---|------------------------|---|---|
| 1. | Емтихан тапсыруышы процедураның жарық жылы бөлмеде жүргізілетіндігін түсіндірді. Науқаспен сенімді қарым қатынас жасады. Науқасқа жүргізілетін процедураны түсіндіріп, келісімін алды. Қолдарын талапқа сай жуып өндеген соң екі қолына да стерильді резиналы қолғаптар киеміз. Перифериялық лимфа түйіндерінің пальпациясы пациент еркін түрған қалпында (ауыр науқастарға жатқан қалпында) жасалатынын, бір мезгілде екі жақты жүйелі түрде: желке, шықшыт, жақ асты, иек асты, мойын арты, мойын алды, бұғана үсті, бұғана асты, қолтық, шынтақ, шап тізе арты пальпацияланатынын айтты. | 2 | 1 | 0 |
| 2. | Желке және шықшыт лимфа түйіндері бір мезетте симметриялы түрде жасалады. Интерн екі алақанын науқастың мойыны арқылы | 2 | 1 | 0 |

| | |
|--|--|
| ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Хирургия, онкология және травматология кафедрасы ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бақылау өлшеу құралдары | 71/11 23 беттің 18 беті |

| | | | | |
|----|--|----|----|---|
| | <p>желкесіне апарып саусақтарымен сипалайды (жоғары, төмен, айналдыра т.с.с.). Ақырындал, алақанды артқа тарту арқылы шықшыт түйіндері де пальпациаланады. Бас бармақ пальпацияға қатыспайды. Жақ асты және иек асты лимфа түйіндерін пальпациялағанда аурудың мойынын біршама алға июі сұралады. Екі алақанның да саусақтарын біршама бұгіп жақ астының ортаңғы сзығына дейін екі жағынан апарып, кері қарай лимфа түйіндерін жақ жиегінен шығара пальпациялайды. Осы тәртіппен иек асты лимфа түйіндері де пальпацияланады. Иек астын бір қолдың саусақтарымен сипалауға да болады.</p> | | | |
| 3. | <p>Мойын лимфа түйіндерін пальпациялау үшін екі алақанды екі жақтан мойынға перпендикуляр жатқызу керек. Саусақтар арқылы мойынның артқы лимфа түйіндері жоғарыдан төмен қарай бұлышық еттер арасынан сипаланады. Соナン соң осы тәртіппен алдыңғы лимфа түйіндері де жоғарыдан төмен қарай мойын игіш бұлышық ет арасынан сипалады. Бұғана үсті және асты лимфа түйіндері де екі жақтан бір мезетте пальпацияланады. Саусақтармен бірінші екі бұғана үсті ойығы сипаланып, ақырындал бұғана астына ойысып ол аймақта сипаланады.</p> | 4 | 2 | 0 |
| 4. | <p>Қолтық лимфа түйіндерін сипалау үшін ауруға екі қолын жаңына қарай көтеруін сұраймыз да қолтығына қарап, ондағы патологиялышқ өзгерістерге назар саламыз. Соナン соң екі алақан саусақтары қолтыққа тірелгенше ендіріп, кеуде клеткасына жанастырады. Қолтық клетчаткаларын саусақ пен кеуде клеткасының қабырғасы арасына сығып, төмен қарай сырғытамыз, сол арқылы арасындағы түйіндерді пальпациялауға болады. Шынтақ (кубитальды) лимфа түйіндері біртіндеп анықталады. Пациенттің қолын шынтақ тұсынан ұстап біршама бұгіп, сыртқа қарай ашып, екінші қолдың саусақтарымен оның екі басты бұлышық еті үшінші медиальды жиегін сипалайды. Осындай тәртіппен екінші қолдың лимфа түйіндері де пальпацияланады.</p> | 6 | 3 | 0 |
| 5. | <p>Шап лимфа түйіндері сол аймақты жалаңаштап алғаннан соң сипаланады. Саусақ ұштарымен дәрігер кезегімен алдымен шап байламы үстін, кейін астын пальпациялайды. Лимфа түйіндерінен басқа бұл аймакта шап жарығы, крипторхизм т.с.с өзгерістер болуы ықтимал. Дәрігер пальпацияланған лимфа түйініне сипаттама беру тиіс. Оның саны, көлемі, тығыздығы, қозғалыштығы, беткейі, қоршаған тіндермен өзара байланысы, ауырсынуы. Көлемін см. немесе mm мен ұсынған дұрыс.</p> | 6 | 3 | 0 |
| | Барлығы | 20 | 10 | 0 |

Кезеңнің максималды балы - 20

Кезең бойынша өту балы-10 балл

Тапсырмаға берілген уақыт -5 минут

| | |
|--|---|
| <p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> |
| Хирургия, онкология және травматология кафедрасы | 71/11 |
| ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бақылау өлшеу құралдары | 23 беттің 19 беті |

Сүт бездерін пальпациялау тәсілі

| № | Қадамдарды бағалау критерийлері | Ұпаймен бағалау | | |
|----|--|-----------------|---|---|
| 1. | <p>Емтихан тапсыруши қарауды жақсы жарық көзінде және жылы бөлмеде жүргізілетіндігін түсіндірдь. Науқаспен сенімді қарым қатынас жасап алғып, аты-жөнін, қызметын сұрастырып алғашқы немесе қайталап келуін анықтайды. Емтихан тапсыруши науқасқа жүргізілетін тексерудің барысын түсіндіріп, процедурага келісім алды. Қолдарын талапқа сай жуып өндеген соң екі қолына да стерильді резиналы қолғаптар килеміз. Науқас еркін демалып, тік, бір қалыпты, екі қолын дene бойымен төмен түсіреді. Келесі жағдайларға мән беруі керек:</p> <p>-сүт бездерінің симметриялығы (аздаған ассиметрия болуы мүмкін), көлемнің дұрыстығы, өлшемдерде айырмашылықтар, емізікшелер бір деңгейде болу керек, бездердің төменгі жиектері жазықтықта болуы міндетті. Симметрия қолдары түсіріліп және көтерілген жағдайда да бір қалыпты болуы керек.-сүт бездерінің тери бетіндегі өзгерістері – ісік, қызаруы, «климон қабығы» эффектісі, ісік және төмен түсулер байқалуы. Содан кейін, екі қолын желкесіне қойып, сүт бездерінің төменгі жағына аса жоғары мән бере отырып, тексеру жүргізу керек.</p> | 2 | 1 | 0 |
| 2. | <p>Тұрған кезде пальпация жүргізу: оң қолмен емтихан тапсыруши сол сүт безін, ал сол қолмен – оң сүт безін тексереді. Пальпацияны саусақ ұштарымен жасалынады, біріктірілген төрт немесе үш саусақты айналдыра, пружина тәрізді қымылдармен жүргіземіз. Бас бармақ пальпацияға қатыспайды. Сүт бездердің көлемдері үлкен болған жағдайда, емтихан тапсыруши екінші қолымен бездерді ұстап тұрады. Алғашында беткейлік ұстап көрүі керек – саусақ ұштары безге тереңдете енгізілмейді, бұл кезде терінің беткей қабатында орналасқан аздаған көлемді түзілістерді байқауға болады.</p> | 2 | 1 | 0 |
| 3. | <p>Кейінірек терең тексерулер жүргізе бастайды – саусақ ұштары біртіндеп, қабырғаларға дейін жетеді. Пальпацияны бұғанадан бастап, қабырғалардың төменгі жиектеріне дейін, төс сүйегінен қолтық асты сызығына дейін, лимфатуйіндерінің ісігі пайда болу мүмкіндігі бар қолтықасты аймақтарда жүргізетіндігін атап айтты. Жатқызып пальпация жасау: науқас салыстырмалы тегіс және қатты жерге жатқызылатындығын атап өтеді. Тексерілетін без астына білік немесе жастықша қоюға болады, қолдарын денесіне көлденен орналастырып немесе желкесіне айқастырып қойды.</p> | 6 | 3 | 0 |
| 4. | <p>Пальпацияның екі кезеңін атап көрсетті:</p> <p>Шаршы әдісі, төстің алдыңғы беті, бұғанадан қабырға жиегіне дейін және сүт бездері көлемі үлкен емес шаршыларға бөлінеді. Ұстап тексеру әр – бір шаршыда жоғарыдан төмен қарай кезекпен тексеріледі. Спираль әдісі, сүт бездері дөңгелене отырып, қолтық астынан емізікшелерге бағыттала жылжи тексеріледі. Саусақ ұштары дөңгелене отырып, емізікшелерге</p> | 6 | 3 | 0 |

| | |
|--|--|
| ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Хирургия, онкология және травматология кафедрасы ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бақылау өлшеу құралдары | 71/11 23 беттің 20 беті |

| | | | | |
|---|----|----|---|--|
| бағытталады. | | | | |
| 5. Емізікшелерді тексерген кезде - олардың түсіне, көлем өзгерісіне аса мән беріледі, ішке кіріп кетпегендігін, бөліністің болмауын, жарықтың және сываттардың болмауын анықтайды. Емізікшені және емізікше айналасындағы аймақты тексереді, өйткені сол жерлерде ісік пайда болуы мүмкін. Ең соңынан абалап бас бармақ пен сұқ саусақтарымен емізікшені басып, бөліндісінің бар жоғын анықтап байқап көреді. | 4 | 2 | 0 | |
| Барлығы | 20 | 10 | 0 | |

Кезеңнің максималды балы - 20

Кезең бойынша өту балы-10 балл

Тапсырмаға берілген уақыт -5 минут

Тік ішекті саусақпен тексеру тәсілі

| № | Қадамдарды бағалау критерийлері | Ұпаймен бағалау | | |
|----------|---|------------------------|----|---|
| 1. | Емтихан тапсыруышы қарауды жақсы жарық көзінде және жылы бөлмеде жүргізілетіндігін түсіндірді. Науқаспен сенімді қарым қатынас жасап алғып, аты-жөнін, қызметтың сұрастырып алғашқы немесе қайталап келуін анықтайды. Емтихан тапсыруышы науқасқа жүргізілетін тексерудің барысын түсіндіріп, процедураға келісім алды. Тексеру жүргізуге кажетті құрал-жабдықтардың дайындығын тексеру (резиналы қолғаптар, вазелин майы) | 2 | 1 | 0 |
| 2. | Емтихан тапсыруышы қолдарын талапқа сай жуып өндеген соң, екі қолына да резиналы стерильді қолғаптар килеміз. Емтихан тапсыруышы науқасты тізе-шынтақ қалпында жатқызамыз. | 2 | 1 | 0 |
| 3. | Сұқ саусақ вазелин майымен майланады. Емтихан тапсыруышы сұқ саусағын науқастың анальдық тесігіне ақырынданап енгізеді. | 4 | 2 | 0 |
| 4. | Ақырынданап сұқ саусактың соңғы фалангасымен тік ішектің ішкі қабырғасын барлық бағытта тексеріп, ауырсынуды анықтау. Тік ішектегі патологиялық түзілістер бар-жоғына көніл бөлеміз. | 8 | 4 | 0 |
| 5. | Содан кейін тексерілу келесі қалыптарда жіргізіледі: Сол жақ қырында Шалқасымен жатқанда Жартылай тізе бүгіп отыру қалпындаю. Саусақты тік ішектен шығарып, саусақтағы шырышқа, қанға және басқада патологиялық жағдайларға көніл аударамыз. | 4 | 2 | 0 |
| | Барлығы | 20 | 10 | 0 |

Кезеңнің максималды балы - 20

Кезең бойынша өту балы-10 балл

Тапсырмаға берілген уақыт -5 минут

| | |
|---|--|
| ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Хирургия, онкология және травматология кафедрасы | 71/11 |
| ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бақылау өлшеу құралдары | 23 беттің 21 беті |

Ісіктен жұқа инемен биопсия алу тәсілі

| № | Қадамдарды бағалау критерийлері | Ұпаймен бағалау | | |
|----------|---|------------------------|----|---|
| 1. | Емтихан тапсырушы қарауды жақсы жарық көзінде және жылы бөлмеде жүргізілетіндігін түсіндірді. Науқаспен сенімді қарым қатынас жасап алғып, аты-жөнін, қызметын сұрастырып алғашқы немесе қайталап келуін анықтайды. Емтихан тапсырушы науқасқа жүргізілетін тексерудің барысын түсіндіріп, процедураға келісім алды. Керек құрал-саймандарды дайындауды (5 мл шприц, заттық шыны, 70 пайыздық этил спирті, мақта, гистологиялық лабараторияға жолдама) | 2 | 1 | 0 |
| 2. | Науқасқа ісік аймағын ашып көрсетуін сұрап қүшеткаға отырғызды. Инструкцияға сай қолын жуды, стерильді резенке қолғапты екі қолынада киді. | 4 | 2 | 0 |
| 3. | 70 пайыздық спиртке малынған мақтамен операциялық аймақты 3 рет өндөу. Эрі қарай шприцті тігінен орналастырып тері астындағы ісікке енгізді. | 6 | 3 | 0 |
| 4. | Бірнеше рет шприцтің поршенин тартып ісіктің ішіндегі сұйықтықты шығарды. Шприцтің ішіндегі сұйықтықты заттық шыныға септі, екінші заттық шынымен жіңішке қабаттап жақты. | 6 | 3 | 0 |
| 5. | Операциялық аймақты 70 пайыздық спиртке малынған мақтамен өндейміз. Жолдаманы толтырып цитологиялық лабораторияға жолдаймыз. | 2 | 1 | 0 |
| Барлығы | | 20 | 10 | 0 |

Кезеңнің максималды балы - 20

Кезең бойынша өту балы-10 балл

Тапсырмага берілген уақыт -5 минут

Жатыр мойынынан жағынды алу тәсілі

| № | Қадамдарды бағалау критерийлері | Ұпаймен бағалау | | |
|----------|--|------------------------|---|---|
| 1. | Емтихан тапсырушы қарауды жақсы жарық көзінде және жылы бөлмеде жүргізілетіндігін түсіндірді. Науқаспен сенімді қарым қатынас жасап алғып, аты-жөнін, қызметын сұрастырып алғашқы немесе қайталап келуін анықтайды. Емтихан тапсырушы науқасқа жүргізілетін тексерудің барысын түсіндіріп, процедураға келісім алды. Қажет құрал жабдықтарды түгелдейміз (фолькман қасығы, айналар, жағынды шынысы, маркерлік қалам, спиртті спрей, цитологиялық зертханаға жолдама парагы). | 2 | 1 | 0 |
| 2. | Емтихан тапсырушы қолдарын талапқа сай жуып өндеген соң, екі қолына да резиналы стерильді қолғаптар килеміз. Талапқа сай айналар көмегімен жатыр мойынын қарауға кірісті (айнаны енгізерде жанамалатып ендіріп сонаң соң төмен қарай бұрып, аралығын ашамыз). | 4 | 2 | 0 |
| 3. | Одан соң жатыр мойынының, қынаптың шырышты қабатының жағдайына көніл аударды. Ондағы гиперемия, бөлінділердің | 4 | 2 | 0 |

| | | | |
|--|--|---|------------------------------------|
| <p>ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> |  <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p> | <p>Хирургия, онкология және травматология кафедрасы</p> <p>ЖТД-гі онкология» пәнінен 7-курс бакылау өлшеу құралдары</p> | <p>71/11 23 беттің 22 беті</p> |
|--|--|---|------------------------------------|

| | | | | |
|----|--|----|----|---|
| | боуы т.с.с өзгерістерге сипаттама берді. Фолькман қасығының бір ұшымен жатыр мойынының цервикальды канал бөлігіне жартылай ендіріп, 360 градусқа бұрап, жағынды алады. | | | |
| 4. | Қасықтың екінші ұшымен жатыр мойынының сыртқы, қынаптық бөлігінен осыған ұқсас жолмен 360 градусқа бұрап, жағынды алынады. Жағынды шынысы арнайы маркерлік қаламмен екіге бөлінеді . Шынының бірінші бөлігіне цервикальды каналдан алынған материал жағылады | 6 | 3 | 0 |
| 5. | Шынының екінші бөлігіне жатыр мойынының қынаптық бөлігінен алынған материал жағылады. Алынған материалды (жағындыны) 70% пайыздық этил спиртпен қатырамыз (спрей-фиксация). Арнайы жолдама бланкты толтырып цитологиялық зертханаға жібереміз. | 4 | 2 | 0 |
| | Барлығы | 20 | 10 | 0 |

Кезеңің максималды балы - 20

Кезең бойынша өту балы-10 балл

Тапсырмаға берілген уақыт -5 минут

8. ЕМТИХАН ПАРАФЫ

Тәжірибелік дағдыларды кезең-кезеңмен және жиынтық үпайлармен бағалау

Емтихан алушының тегі, аты, экесінін аты « » 202 ж.

OÝTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY

SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

9. ЕМТИХАН АЛУШЫНЫҢ ЖИҮНТҮҚ АТТЕСТАТТАУ ПАРАГЫ

ШИФР

«_____» _____ 202__ г.

71/11

23 беттің 23 беті